

Науырзым ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 85 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 мамырда № 7031 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 16.11.2021 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының б) тармақшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

1) елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров